

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ХРОМТАУ АУДАНЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ХРОМТАУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «№9 «ЖҮЛДЫЗ-АЙ»
БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ
031100

Хромтау қаласы, Республика көшесі 59 «Б»



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЯСЛИ-ДЕТСКИЙ
САД №9 «ЖҮЛДЫЗ-АЙ» ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ХРОМТАУСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
031100

г.Хромтау, ул. Республика 59 «Б»

Бұйрық № 33/1 н/к

Хромтау қаласы

02.09.2025ж.

**«Педагогикалық әдеп және педагогтің құқықтарын қорғау мәселелері
жөніндегі консультативтік-кеңесші орган» туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

2021 жылдың «01» қыркүйек айынан бастап ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарына сәйкес №9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында «Педагогикалық әдеп және педагогтің құқықтарын қорғау мәселелері жөнінде консультативтік-кеңесші орган құрылсын. Консультативтік-кеңесші органның жетекшісі ретінде балабақша менгерушісінің міндетін атқарушы С.С.Баймагамбетова тағайындалсын.

Төмендегі қызметкерлердің құрамы жасақталсын:

1. И.А. Джанадилова - мүшесі
2. Ж.Ж. Ильтаева - мүшесі
3. Г.К. Койшыбаева - мүшесі
4. Б.С. Кияшева - мүшесі
5. Ж.О. Тлеумаганбетова - мүшесі
6. Тулегенова Ж.Т. - мүшесі

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау балабақша әдіскері
И.А. Джанадиловаға жүктелсін.

**«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы»
МКҚК-ның менгерушісінің м.а:**

С.С.Баймагамбетова

Бұйрықпен таныстым:



И.А. Джанадилова
Б.С. Кияшева
Ж.Ж. Ильтаева
Г.К. Койшыбаева
Ж.О. Тлеумаганбетова
Тулегенова Ж.Т.

«Бекітемін»
 «№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай –
 балабақшасы» МҚКК -ның
 басшысы м.а.
 С.С. Баймағамбетова

**Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары
 2025-2026 оқу жылы**

P/c	Мазмұн	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені карау және бекіту 2. Педагогтардың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	Қыркүйек	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы. Күн тәртібінде 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	Қараша	Хаттама
3	1. Педагогтың кәсібиіс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп баяндама № 3 педагогикалық кеңесте	Қаңтар	Хаттама, анықтамасы
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің № 3 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагогтардың құқықтары 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары 3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау	Наурыз	хаттама
5	Педагогикалық әдеп кеңесінің № 4 отырысы. Күн тәртібінде 1. Өзіңді өзің тәрбиелеу жолдары 2. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары	Мамыр	хаттама

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы
25.09.2025 жыл**

Қатысқандар: __30__

Күнтәртібінде

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту/кеңес төрайымы: Баймағамбетова С.С
2. Педагогтардың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті/кеңес мүшесі: Джанадилова И.А.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті/кеңес мүшесі: Кияшева Б.С.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы С.С Баймағамбетова сөз алды:

-Қайырлы күн. бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар.

-Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтардың педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидастарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтардың тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарастыруға кіріседі. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі/әдіскер: И.А.Джанадилова:

-Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай. Ұстаз балалардың білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, балалар педагогтың біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі

күптауға лайық түстер ақ және кара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошкыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Педагогтың шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кенпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаныз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға басқа адам кіріп келгенде педагог орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Балабақша ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі :Б.С.Княшева

Ұстаз ата-аналармен, балалар және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. Ата – аналар сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы – тәрбиеші мен бала, ата-ана мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, тәрбиешілер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын балабақшадан табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы балабақшада, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Қортынды сөз. Кеңес төрайымы менгеруші: С.С Баймағамбетова

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды, педагогтар мен педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды

Кеңес шешімі:

- 1.Педагогикалықәдеп кеңесінің ережесі бекітілсін.
- 2.Педагогтардың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
- 3.«Жас мамандар мектебі» клубы мүшелерімен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Кеңес төрайымы:

С.С Баймағамбетова

Хатшы:

Б.С.Княшева



**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 2 хаттамасы
24.11.2025 жыл**

Қатысқандар: 28

Күн тәртібінде

2. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау/ кеңес мүшесі: И.А. Джанадилова
3. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика/кеңес мүшесі: Б.С. Княшева
4. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті/ кеңес төрайымы: С.С. Баймағамбетова

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі: И.А. Джанадилова

Ұстаз – мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кезде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын балалардың, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі: Б.С. Княшева

Педагогикалық әдеп – тәрбиеші әрбір нақты жағдайда тәрбиеші тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке балалар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп жағымды жақтан ғана қаралады. “Педагогикалық әдебі нашар” қайырымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарадүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір мұғалім оқушылармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда мұғалімдердің бірсыпырасының оқушыларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Мұғалім оқушыларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кенпейілді, сақ, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның сабақтарында тәртіпсіздік үстемдік етеді, оқушылар үй тапсырмаларын орындамайды, айтқан ақылды тыңдамайды, шынтуайтқа келгенде оны сыйламайды. Мұндай мұғалімді әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда мұғалімнің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика тандай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес төрайымы меңгеруші: С.С Баймагамбетова

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керекті тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтың жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлеу мәдениетін игеру — болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзыреттілікті меңгерту — болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Қортынды сөз: Егер мұғалім өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар сыныпқа қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді

Кеңес шешімі:

- 1/ Жекс фотосуреттермен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
- 2/Тәрбиешілер педагогикалық әдебін сақтауда педагогтың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін, құқықтық сауаттылық күні өткізілсін.
- 3/ Жас педагогтер арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Кеңес төрайымы:

С.С Баймагамбетова

Хатшы:

Б.С.Кияшева



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ № 3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «12» 2026 жыл

Өткізілген орны: № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: 29 адам

Төраға: С.С.Баймағамбетова

Хатшы: Б.С.Кияшева

КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогтардың құқықтары туралы.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп және этикалық нормаларды сақтауы туралы.
3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау мәселелері туралы.

1-МӘСЕЛЕ:

Педагогтардың құқықтары туралы

Тыңдалды:

Кенес төрағасы педагогтардың кәсіби қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары туралы баяндама жасады. Педагогтардың кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуы, шығармашылық бастамаларды жүзеге асыруы, біліктілігін арттыруы және еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері айтылды.

Сөйлегендер:

Педагог Б.С.Кияшева педагогтардың құқықтарын сақтау білім беру ұйымындағы қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырудың маңызды шарты екенін атап өтті.

Қаулы етті:

1. Педагогтардың құқықтарын сақтау және қорғау бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.
2. Педагогтардың кәсіби қызметіне қатысты құқықтық акпараттарды қолжетімді ету.
3. Құқықтардың бұзылу фактілері туындаған жағдайда оларды кенес отырысында қарастыру.

2-МӘСЕЛЕ:

Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп және этикалық нормаларды сақтауы туралы

Тыңдалды:

Әдіскер И.А.Джаналилова педагогтардың қоғамдағы, ата-аналармен, әріптестермен және әлеуметтік желілердегі қарым-қатынаста әдептілік пен кәсіби этика талаптарын сақтау қажеттігі туралы баяндады.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші Ж.Глеумағанбетова педагогтың кәсіби беделі оның қоғамдық ортадағы мінез-құлқымен тікелей байланысты екенін атап өтті.

Қаулы етті:

1. Педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтау міндеттелсін.
2. Әлеуметтік желілерде және қоғамдық орындарда білім беру ұйымының беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу ұсынылсын.
3. Ата-аналармен және әріптестермен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас мәдениетін нығайту жұмыстары жүргізілсін.

3-МӘСЕЛЕ:

Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау мәселелері туралы

Тыңдалды:

Педагог Ж.Ильтаева балабақшада педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, тәрбиеленушілердің құқықтарын құрметтеу, әріптестер арасындағы ынтымақтастық пен өзара қолдау мәдениетін қалыптастыру жөнінде баяндама жасады.

Сөйлегендер:

Педагог А.Мухамбеткалиева балабақшадағы жағымды моральдық-психологиялық ахуалдың сапалы білім мен тәрбие берудің негізі екенін атап өтті.

Қаулы етті:

1. Балабақша қызметкерлерінің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауына тұрақты мониторинг жүргізу.
2. Тәрбиеленушілермен және ата-аналармен қарым-қатынаста кәсіби этика талаптарын сақтау бойынша профилактикалық жұмыстар ұйымдастыру.
3. Педагогикалық әдеп мәселелері бойынша семинарлар мен кеңестер өткізу жоспары бекітілсін.
4. Балабақша ұжымында өзара құрмет пен сенімге негізделген жұмыс ортасын қалыптастыру жалғастырылсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:

2023 жыл.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ № 4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «13» мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: 29 адам

Кеңес төрағасы: С.Баймағамбетова

Хатшы: Б.Кияшева

КҮН ТӘРТІБІ

1. Өзінді-өзің тәрбиелеу жолдары туралы.
2. Педагогтердің әлеуметтік желідегі және қоғамдық орындардағы этикалық талаптарды сақтауы туралы.

1-МӘСЕЛЕ

Өзінді-өзің тәрбиелеу жолдары туралы

Тыңдалды:

Кеңес төрағасы С.С.Баймағамбетова педагогтің кәсіби және тұлғалық дамуының маңызды бағыты – өзін-өзі тәрбиелеу екендігін атап өтті. Баяндама барысында өзін-өзі жетілдірудің негізгі жолдары ретінде кәсіби білімді үздіксіз арттыру, уақытты тиімді жоспарлау, өзіндік талдау жүргізу, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру және эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші Ж.Түлегенова өзін-өзі тәрбиелеудің педагогтің кәсіби беделін арттырудың рөліне тоқталды. Балабақша педагогтердің жеке даму жоспарын құруының маңыздылығын атап өтті.

Қаулы етті:

1. Педагогтерге өзін-өзі дамыту және кәсіби шеберлікті жетілдіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу ұсынылсын.
2. Әр педагогтің жеке кәсіби даму жоспарын әзірлеуі қамтамасыз етілсін.
3. Өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өсу мәселелері бойынша тәжірибе алмасу іс-шаралары ұйымдастырылсын.

2-МӘСЕЛЕ

Педагогтердің әлеуметтік желідегі және қоғамдық орындардағы этикалық талаптарды сақтауы туралы

Тыңдалды:

Әдіскер И.А.Джанадилова педагогтердің әлеуметтік желілерде, қоғамдық орындарда және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыста кәсіби әдеп нормаларын сақтауы жөнінде баяндама жасады. Педагогтің мінез-құлқы мен жарияланымдары білім беру

ұйымының беделіне әсер ететіні айтылды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде тәрбиеленушілердің, ата-аналардың және әріптестердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қажеттілігі атап өтілді.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші Оспан Тұрсын әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде педагогикалық әдеп талаптарын сақтау маңызды екенін айтты.

Тәрбиеші Ақмарал Толыбайқызы қоғамдық орындардағы мәдениетті мінез-құлық педагогтің кәсіби келбетінің ажырамас бөлігі екенін атап өтті.

Қаулы етті:

1. Педагогтер әлеуметтік желілерде кәсіби этика қағидаларын қатаң сақтасын.
2. Тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналары туралы жеке мәліметтерді жариялауға жол берілмесін.
3. Қоғамдық орындарда педагог мәртебесіне сай мінез-құлық пен сөйлеу мәдениетін сақтау қамтамасыз етілсін.
4. Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау бойынша түсіндіру және профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілсін.
5. Педагогтердің әлеуметтік желілердегі қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен педагогикалық әдеп нормалары басшылыққа алынсын.

Кенес төрағасы:

 С.С. Баймағамбетова

Хатшы:

 Б. Кішікөва

В. 05 20 26 жыл.